

Аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 10 маусымдағы № 252 "Темір ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппаратының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау көрсету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 наурыздағы № 38 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 2 сәуірде № 8214 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 2022 жылғы 18 наурыздағы № 169 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық мәслихатының 18.03.2022 № 169 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50-бабына сәйкес, Темір аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Темір аудандық мәслихатының 2015 жылғы 10 маусымдағы № 252 "Темір ауданының ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппаратының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау көрсету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4387 тіркелген, 2015 жылғы 3 шілдеде "Темір" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

орыс тіліндегі шешімнің кіріспесінде "постановлением Министра национальной экономики Республики Казахстан от 6 ноября 2014 года № 72" сөздері "приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 6 ноября 2014 года № 72" сөздерімен ауыстырылсын, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. "Темір аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Темір аудандық
мәслихатының сессия төрағасы*

Б. Адилханов

*Темір аудандық
мәслихатының хатшысы*

Б. Шаимов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК